



КОНКУРС «Астана и Президент»

**Дөненбай Әділет,
дарынды балаларға арналған жалпы орта білім беретін
мектептің
8 сынып оқушысы**

Қазақ хандығы бес ғасырдай өмір сүрді. Ғасырлар бойы Ұлы Дала қойнауында өткен қилы замандар, қым-қиғаш оқиғалар туралы бүгінде тек аңыз ғана айтылады. Бәлкім бұл даланың анық тарихы, шын шежіресі – сол аңыз болар. Бір кездері бұл далада қайталанбас өркениет дүниеге келіп, бүгінде аңызға айналды. Ғасырлар бойы жаңа қала, елді мекендер бірінен соң бірі бой көтеріп, сахара жүзін шаһарлармен өрнектеп жатты. Киелі байрақ көтеріліп, Тәңірі текті хан орда тіккен астанасын әспеттеумен болды. Далалық қауым осылайша күн кешті. Күз бен қыс хан ордасы астаналық қала - «байтаққа» ірге орнықтыратын.

«Байтақ» - «қасиетті тау, ұлы тау» дегенді білдіреді. Сахара жұрты өз астанасын осылай ұлықтаған. Таңғажайып ұлан-асыр көш керуені ғасырдан ғасырға жалғасып жатты. Бірақ осы далада ғұмыр кешкен қай мемлекет болсын олардың арманы тек біреу болды. Ол – бейбіт өмір.

Арада қанша қанды оқиға болса да бұл еркіндік туралы идея ұлы даланың жанында мәңгі қалды. Осы даланы жайлаған жұрт қай ғасыр болсын тапқанын- жоғалтқан, жоғалтқанын-тапқан. Біздің тарихымыз да сол жоғалтқанын іздеуден тұрады. Тарихи деректерде қазақ ордасы да дүниеге 1456 жылы келген делінеді. Олар да өз астанасын салған. Сауранға, Сығанаққа, кейін Сарайшыққа көшірілген екен.

Иә, біз ежелден-ақ ата-бабаларымыздың осы елдікті, осы теңдікті аңсап келгенін тарихтан білеміз. Егемендік алу ісіне біздің бабаларымыз, батыр, шешен, би, жырауларымыздың қаншалықты өз үлестерін қосқанын білеміз. Олардың өз Отанын шексіз сүйетінін, болашағынан үлкен үміт күткендерін, сол мұратқа жету үшін жан аямай найзаның ұшымен, білектің күшімен күш қайрат жұмсағанын да білеміз. Қандай қиыншылық болса да адал еңбек пен бірліктің арқасында жеңуге болатынын біздерге тамаша үлгі етіп қалдырды. Еліміздің бай тарихы күрескерліктің, отаншылдықтың не екенін осылайша дәлелдейді.

Тарихтың талай қиын өткел, ауыр талқысын бастан кешкен халқымыз жаңа мыңжылдықтың басында да ең бір күрделі, жауапты кезеңнен өтті. Біз жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа өркениетті ұлт ретінде, тарих сахнасына егемен ел ретінде ендік. Әлемдік қауымдастықтың көшіне жеке керуен болып қосылдық. Қазақ елінің жетпіс жылда кеткен есесін қайтарып беруге асыққандай, бар шапағатын қалған он жылына үйіп-төгіп XX ғасыр да өте шықты!

Ақиық ақын Мұқағали:

Біз жараттық мынау ғажап ғасырды,

Тарихы оның біздерменен ашылды.

Біздің мынау қолтаңбамыз басылды,

Құрметтендер жиырмасыншы ғасырды! -

деп адамзат тарихында өзіндік орны бар, шежіреге толы, ұмытылмас ерекше ғасырды үлкен ақындық тебіреніспен жырлаған екен.

Бүгін еліміздің тарихи беттері тәуелсіз елдің жас түлектерімен, өр өрендерімен ашылуда. Тәуелсіздігіміздің алғашқы баспалдағы – Желтоқсан. Осы желтоқсанның нәтижесінде тілімізді, ділімізді, әдет-ғұрпымызды жандандырып, экономикамызды түзеп, Президентімізді сайлап, ел іргесінің тыныштығын сақтап келеміз.

Тәуелсіз еліміздің тарихындағы тамаша тағылымның бірі – ел астанасының Сарыарқаға көшірілуі. Көшпенділер ұрпағының жиырмасыншы ғасырдың соңындағы Ұлы көші бүкіл әлем назарын Қазақстанға аударды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бұл тарихи таңдауының бірден-бір дұрыс қадам болғандығына ендігі жерде ешбір күмән қалған жоқ. Әрине, ел астанасын ауыстыру – әлемдік тәжірибеде аса қажеттіліктен туындайтыны белгілі. Қазақстан үшін де астана ауыстыру-сондай қажеттіліктен туған дүние. Алайда, Қазақстан қиын жағдайда отырып тәуекел етті: елдегі саяси тұрақсыздық бөгет болды. Соған қарамастан, Қазақстан астана ауыстыру ісін аса табандылықпен қолға алды. Бұл шын мәнінде, Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи ерлігі, көрегендігі, көз жетіп көңілі сенген істен қайтпайтын қайсар табандылығын көрсетеді. Әрине, астананы ауыстыру мәселесі алғаш көтерілгенде Кеңес мүшелері, яғни Қазақстанның зиялы қауым өкілдері, қарсы болды. Кеңес мәжілісінде қарсы болған сөйлеушілердің сөзін тыңдап болған Елбасы: «Астананы көшіруді мен ел жағдайын білмегендіктен, болмаса ерігіп ермек іздегендіктен қолға алып отырғаным жоқ. Ішкі-сыртқы жағдайдың ахуалын білгендіктен, ертең бүгінгі қиындықтан да ауыр қиындықтың ел басына түсетінін сезгендіктен, осындай тәуекелге бел буып отырмын. Рас, оңай болмайды, Ұлы істер қашанда үлкен тәуекелдер арқылы жүзеге асқан. Бұл істе мен халқыма сенемін» - деп, астананы көшірудің қандай қажеттіліктен туғанын кеңес мүшелеріне толық түсіндіріп беруі, Елбасының кіммен болсын айтпағын күмілжімей, ашық сөйлесетіндігі оның даналығы болса керек.

Елбасының қандай мәселе болса да, турасын айтып, ашық сөйлеп, ой бөлісуі – өзінің сөзі мен ісіне деген халық сенімін оята білуі – оның даралығы.

Елбасының сөзінен кейін Кеңес мүшелерінің елбасын бір кісідей қолдауы да осының айғағы. Оның нәтижесі бүгінде баршаға аян. Сол бір қиын кезеңдегі Елбасы тарапынан көрінген тарихи ерліктің, жарқын айғағындай болып, есіле аққан Есілдің бойында сәулет өнерінің соңғы үлгісімен бой көтерген әсем ғимараттар, күн сайын өскен ертегінің алыптарындай жаңа Астана өсіп келеді.

Еліміздің жаңа байтағы қазір әлем таныған әйгілі шаһарлардың біріне айналды. Ежелгі ғасырлардың інжу-маржан естеліктері мен ескерткіштерін бір өзіне жинаған алып дала төсінде екі ғасыр тоғысында, азаттықтың арайлы таңының шапағатымен, көк туын көк аспанда желбіреткен Астана қаласы адам танымастай өзгерді. Алты

Алаштың арайлы арманы ақиқатқа айналды.

Ұлы дала төсінде көркі көз тартар күмбезді сарайлар, тарихтың тағдырлы беттерін қойнына жасырып, жер бетінің жауһар қазынасына айналған көненің көрікті бейнесіндей тарихи ғимараттар қазақ жерін айдай әлемге айғақтап, тәкаппар қалпын бұзбай аспанға қарап бой түзеп тұр.

Кең-байтақ қазақ елінің кеуде тұсында жұлдыздай жарқырап, Есілдің бойында ерекше қалпымен елді елең еткізген еңсесі биік Елорда бүгінде төрт құбыладан таңдана қараған төрткүл дүниенің отызға жуық ірі қалаларымен экономикалық және мәдени ынтымақтастық орнатып отыр. Олардың ішінде Каир, Киев, Мәскеу, Рига, Берлин, Будапешт, Вильнюс тағы да басқа шаһарлар бар.

Көкірегінде қоңыр домбыра үні күмбірлеп, құшағында ондаған ұлт мейіріміне бөленіп мерейі тасыған Астана – Қазақ елінің берекелі жан дүниесінің жарқылы.

Президентіміздің тұңғышындай бас орда тағдыры талай тастақ жолдан өткен алаштың айбынын асырып, адамзатқа қазақтың ақпейіл ақ жүрегіндей құшағын айқара ашып, өзгеге ұқсамас өзіндік сәулетімен таңдай қақтырды. Әлемнің мақтанышына айналған ажарлы астаналар мен көрікті қалалардың көшіндегі алдыңғы лекті асқақ қалпымен бастап барады.

Жер бетіндегі әсемдік пен әдемілік, сәулет пен тыныштық символы саналатын астаналар саусақпен санарлық. Солардың ішінде Құлагердей алға мойын созып, жылдам дамып, халықтың мақтанышына айналған қалалардың бірегейі – Астана!

Бүгінгі Қазақ ордасы Алты Алаштың баласына ғасырлар бойы жоғалтқан ұлттық беделін қайтарып берді. Астана бізді осынау ұлы дәуренмен табыстырды. Сақтардан сабақтанған саңлақ ел, ғұндардан құрақталған құбылалы ел, Көк Түріктен көркем өнген көрікті ел бар ғаламға «Мен бармын!» - деп жар салып тұрғандай.

Еуразияның кіндігі аласапыранданып жатқан, үміт пен күдік итжығысқан шытырман шақта елім деген дара тұлға нар тәуекелмен осылай дәуір биігінен табылды.

Тәуелсіздігімізді санамызға орнықтырып, халқымызды әлемдік абырой биігіне көтерген, әр жүрекке болашаққа деген сенім ұялатқан Астанамыздың бұдан да сәулетті боларына мен сенемін. Өйткені дәуірдің дара тұлғасы Елбасына сенемін! Астана – Елбасының ерлігі!